

**6D070900 (8D07202) – «Металлургия»**  
**(«Қара және түсті металдар металлургиясы» ББ) мамандығы бойынша**  
**Диссертациялық кеңестің кеңейтілген отырысының**

**№2 ХАТТАМАСЫ**

**30 қыркүйек 2024 ж.**

**Төраға:** А.С. Байсанов, техника ғылымдарының кандидаты, профессор;  
**Ғалым хатшы:** А.С. Ержанов, философия докторы (PhD).

**Қатысқандар:**

Төраға орынбасары - техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) Б.С. Келаманов;  
Ғалым хатшы - философия докторы (PhD) А.С. Ержанов;  
Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшесі – философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент) Е.А. Панин.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Докторант М. Мухаметханның докторлық диссертациясын қорғауға қабылдау үшін берген өтінішін қарау;
2. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерінің кандидатураларын «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ СМК П 4-60-2023 Диссертациялық кеңес ережесінің 6.1.7 тармағының талаптарына сәйкес қарау;
3. Докторант үшін ұсынылған ресми рецензенттердің кандидатураларын «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ СМК П 4-60-2023 Диссертациялық кеңес ережесінің 8.6.1 тармағының талаптарына сәйкес қарау;
4. Диссертацияны қорғау күні мен уақытын, өтетін орнын бекіту.

**ТЫҢДАҒАНДАР:**

**Ғалым хатшы:** А.С. Ержанов

Диссертациялық кеңестің отырыстарына Диссертациялық кеңес төрағасы Әлібек Сайлаубайұлы Байсановтың өндірістік қажеттіліктерге байланысты оқу жылының соңына дейін қатыса алмауына байланысты, Диссертациялық кеңестің жаңа төрағасы тағайындалғанша Диссертациялық кеңестің Төраға міндетін атқарушы лауазымына Бауыржан Сатыбалдыұлы Келаманов және төраға орынбасары лауазымына Евгений Александрович Панин ұсынылады.

Дауысқа салайық.

Дауыс бермегендер бар ма? Жоқ.

Қарсы? Жоқ.

Бірауыздан қабылданды.

**Ғалым хатшы:** А.С. Ержанов

Бауыржан Сатыбалдыұлы сөз өзіңізде.

**Төраға орынбасары:** Б.С. Келаманов

Мухаметхан Маржанның диссертациялық жұмысын қорғау мемлекеттік тілде өтеді.

**Төраға орынбасары:** Б.С. Келаманов

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге, 2024 жылдың 29 тамыздағы №425 бұйрығымен және 2024 жылдың 14 маусымдағы №294 бұйрығымен енгізілген өзгерістерге сәйкес «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ жанындағы 6D070900 (8D07202) – «Металлургия» («Қара және түсті металдар металлургиясы» ББ) мамандығы бойынша PhD доктор дәрежесін беру үшін докторлық диссертацияны қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңестің тізімдік құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласын бақылау комитеті (ары қарай - Комитет) төрағасының 2024 жылдың 30 шілдедегі №05.1-01-01/18 бұйрығымен 4 адамнан тұратын тұрақты құрамда бекітілгендігін атап өтті.

«Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ жанындағы 6D070900 – «Металлургия» (8D07202 - «Қара және түсті металдар металлургиясы» ББ) мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесіне докторант Мухаметхан Маржанның 6D070900 - «Металлургия» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысы, докторанттың жеке өтініші және құжаттар топтамасы түскендігі хабарланды. Докторанттың жеке өтініші мен құжаттар топтамасының «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ СМК П 4-60-2023 Диссертациялық кеңес ережесіне сәйкестігін хабарлау үшін, сөз Диссертациялық кеңестің Ғалым хатшысы философия докторы (PhD) А.С. Ержановқа беріледі.

**Ғалым хатшы:** А.С. Ержанов

Диссертациялық кеңеске докторант Мухаметхан Маржан ұсынған барлық құжаттар тізімін хабарлады:

- диссертацияны қорғауға қабылдау туралы Диссертациялық кеңес төрағасының атына өтініш;
- берік түптелген және электронды тасымалдағыштағы диссертациялық жұмыс;
- отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері;
- кеңейтілген семинардың оң қорытындысы;
- ғылыми еңбектердің тізімі және олардың көшірмелері;
- Әдеп комиссияның зерттеу объектілерінің құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы.

Барлық құжаттар Комитеттің талаптарына сәйкес рәсімделгенін атап өтті.

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшесі, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент) Е.А. Панин жұмыстың мазмұнымен таныс екендігін атап өтті. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы дайындық бағытына сәйкес келеді және Мухаметхан Маржанның құжаттарын қорғауға қабылдауға кеңес берді.

**Төраға орынбасары:** Б.С. Келаманов

Докторанттың диссертациялық жұмысына қатысты ескертулер мен сұрақтар бар ма?

*Диссертациялық кеңес мүшелері:*

Жоқ.

**Төраға орынбасары:** Б.С. Келаманов

Бірінші сұрақ бойынша дауысқа салуға ұсыныс жасаймын. Ұсынысқа қарсылықтарыңыз жоқ па? Дауысқа салайық.

Дауыс бермегендер бар ма? Жоқ.

Қарсы? Жоқ.

Бірауыздан қабылданды.

**Төраға орынбасары:** Б.С. Келаманов

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге және оған енгізілген өзгерістерге сәйкес: Диссертациялық кеңестің кемінде 3 (үш) мүшесі басқа Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру ұйымдарынан, ғылыми және (немесе) басқа да ұйымдардың өкілдері болып табылады. Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңестің 3 (үш) мүшесі докторлық зерттеу саласына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалады. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшесінің бірі шетелдік ғалым болуы керек. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру ұйымдарынан жанындағы диссертациялық кеңестің кемінде 4 (төрт) мүшесінде халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдары болады: соңғы 5 (бес) жылда Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда кадрлар даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша кемінде 3 (үш) жарияланым болуы керек екендігі туралы хабарлады.

Диссертациялық кеңестің уақытша құрамына туралы пікірталасқа ұсыныс білдіру сұралды.

**ПІКІРТАЛАС:**

Уақытша мүшеге кандидатура талқылау нәтижесіне және Диссертациялық кеңестің уақытша құрамына «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережесі» талаптарына сәйкес келесі мамандардың кандидатураларын ұсынамын:

1) Кель Илья Николаевич – техника ғылымдарының кандидаты, «Болат және феррокорытпалар» зертханасының аға ғылыми қызметкері, Федералды мемлекеттік бюджеттік ғылым мекемесі РФА Орал бөлімшесінің металлургия институты, Екатеринбург қ., Ресей Федерациясы. 6D070900 - «Металлургия» мамандығы бойынша Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін басылымдарда 2 жарияланымдары және Scopus деректер базасында Citescore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын басылымдарда 11 жарияланымдары бар. Хирш индексі: Web of Science = 0, Scopus = 4.

2) Аубакиров Дастан Рахметоллаевич – философия докторы (PhD), «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ «Нанотехнология және металлургия» кафедрасының меңгерушісінің м.а. Қарағанды қ., Қазақстан. 6D070900 - «Металлургия» мамандығы бойынша Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін басылымдарда 10 жарияланымдары және Scopus деректер базасында Citescore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын басылымдарда 10 жарияланымдары бар. Хирш индексі: Web of Science = 2, Scopus = 3.

3) Быков Петр Олегович – техника ғылымдарының кандидаты, «Торайғыров университеті» КеАҚ «Металлургия» кафедрасының профессоры, Павлодар қ., Қазақстан. 6D070900 - «Металлургия» мамандығы бойынша Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін басылымдарда 8 жарияланымдары және Scopus деректер базасында Citescore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын басылымдарда 8 жарияланымдары бар. Хирш индексі: Web of Science = 2, Scopus = 6.

Екінші сұрақ бойынша дауысқа салуға ұсыныс жасаймын. Ұсынысқа қарсылықтарыңыз жоқ па? Дауысқа салайық.

Дауыс бермегендер бар ма? Жок.

Қарсы? Жок.

Бірауыздан қабылданды.

**Төраға орынбасары:** Б.С. Келаманов

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге, 2024 жылдың 29 тамыздағы №425 бұйрығымен және 2024 жылдың 14 маусымдағы №294 бұйрығымен енгізілген өзгерістерге сай ресми рецензенттерді тағайындау кезінде ресми рецензенттердің, ғылыми консультанттардың бір-біріне тәуелді болмау принципін басшылыққа алу, сонымен қатар ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты,

философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) ресми рецензентті тағайындалатындығы айтылды. Рецензенттерде докторанттың зерттеу саласы бойынша Комитеттің Басылымдар тізбесіне және/немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) немесе Scopus (Скопус), деректер базасына енгізілген журналдарда және /немесе шетелдік рецензияланатын басылымдарда 5 (бес) ғылыми мақаласы немесе 1 (бір) монографиясы (жеке жазылған) бар мамандар тағайындалады. Комитет қызметкерлері, докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының тең авторлары, диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖОО-ның құрылымдық бөлімшелерінің және (немесе) ғылыми ұйымдардың басшылары және қызметкерлері және соңғы 3 жылда диссертацияның мазмұны бойынша Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми консультанттар немесе ресми рецензенттер болған мамандардың ресми рецензент бола алмайтындығы ескертілді.

Ресми рецензенттер туралы пікірталасқа ұсыныс білдіру сұралды.

### **ШКІРТАЛАС:**

Докторанттың ресми рецензенттері болып, «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережесі» талаптарына сәйкес келесі мамандардың кандидатураларын ұсынамын:

1) Султангазиев Руслан Бауыржанович - философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент), «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ, «Нанотехнология және металлургия» кафедрасы. 6D070900 – «Металлургия» мамандығы бойынша 20-дан астам жарияланымдары бар.

2) Жунусов Аблай Каиртасович - техника ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор (доцент), «Торайғыров университеті» КеАҚ-ның «Металлургия» кафедрасының меңгерушісі. 8D07202 - «Қара және түсті металдар металлургиясы» білім бағдарламасы бойынша 5-тен астам жарияланымдары бар.

Үшінші сұрақ бойынша дауысқа салуға ұсыныс жасаймын. Ұсынысқа қарсылықтарыңыз жоқ па? Дауысқа салайық.

Дауыс бермегендер бар ма? Жоқ.

Қарсы? Жоқ.

Бірауыздан қабылданды.

**Төраға орынбасары:** Б.С. Келаманов

Докторант Мухаметхан Маржанның докторлық диссертацияны қорғау күні мен уақытын 2024 жылдың қараша айының 08 күні, сағат 14:00-де деп белгілеуді ұсынамын. Диссертациялық кеңестің отырысы Қарағанды индустриялық университетінің Жаңа ғимаратында, Н-201 аудиторияда өтеді. Онлайн ZOOM платформасы арқылы жүргізіледі. Осы ұсынысқа қарсылықтарыңыз жоқ па? Дауысқа салайық.

Дауыс бермегендер бар ма? Жоқ.

Қарсы? Жоқ.

Бірауыздан қабылданды.

### **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ СМК П 4-60-2023 Диссертациялық кеңес ережесінің 6.1.3 тармағына сай төраға міндетін атқарушы лауазымына Келаманов Бауыржан Сатыбалдыұлы және төраға орынбасары лауазымына Панин Евгений Александрович бекітілді.

2. Докторант Мухаметхан Маржанның 6D070900 - «Металлургия» мамандығы бойынша PhD доктор дәрежесін беру үшін докторлық диссертацияны қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңестің уақытша тізімдік құрамын бекіту:

1) Кель Илья Николаевич – техника ғылымдарының кандидаты, «Болат және ферроқорытпалар» зертханасының аға ғылыми қызметкері, Федералды мемлекеттік бюджеттік ғылым мекемесі РҒА Орал бөлімшесінің металлургия институты, Екатеринбург қ., Ресей Федерациясы.

2) Аубакиров Дастан Рахметоллаевич – философия докторы (PhD), «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ «Нанотехнология және металлургия» кафедрасының меңгерушісінің м.а. Қарағанды қ., Қазақстан.

3) Быков Петр Олегович – техника ғылымдарының кандидаты, «Металлургия» кафедрасының профессоры, «Торайғыров университеті» КеАҚ, Павлодар қ. Қазақстан.

Докторант Мухаметхан Маржанның ресми рецензенттерін бекіту:

1) Султангазиев Руслан Бауыржанович - философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент), «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ.

2) Жунусов Аблай Каиртасович - техника ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор (доцент), «Торайғыров университеті» КеАҚ-ның «Металлургия» кафедрасының меңгерушісі.

Докторант Мухаметхан Маржанның PhD доктор дәрежесін алу үшін докторлық диссертацияны қорғау күні мен уақыты 2024 жылдың қараша айының 08 күні, сағат 14:00 және өтетін орны Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Республика даңғылы, 30. «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ-ның Жаңа ғимараты, Н-201 аудиториясын белгілеу.

Дауыс берулеріңізді сұраймын:

Дауыс бермегендер бар ма? Жоқ.

Қарсы? Жоқ.  
Бірауыздан қабылданды.

**6D070900 – «Металлургия»  
(8D07202 – «Қара және түсті металдар  
металлургиясы» ББ) мамандығы бойынша  
Диссертациялық кеңестің төрағасының м.а.**

**Б.С. Келаманов**

**6D070900 – «Металлургия»  
(8D07202 – «Қара және түсті металдар  
металлургиясы» ББ) мамандығы бойынша  
Диссертациялық кеңестің  
Ғалым хатшысы, PhD**



**А.С. Ержанов**